

**MATERIÁLY
XVIII MEZINÁRODNÍ VĚDECKO - PRAKTICKÁ
KONFERENCE**

**VĚDECKÝ PRŮMYSL EVROPSKÉHO
KONTINENTU – 2021**

22 - 30 listopadu 2021 r.

Volume 7

Praha

Publishing House «Education and Science»

2021

Ақшабаева Л.М.

Педагогика ғылымдарының магистрі,

*Қазтұтынуодағы Қарағанды
университеті*

Жакметбекова Анеля

1 курс студенті,

Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

**ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ
РУХАНИЯТЫ**

Қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов 1902 жылы 22 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданы, «Жаңа жол» ауданында (бұрынғы Қостанай облысы, Пресногорьков ауданында) дүниеге келді. Болашақ жазушы

он төрт жасқа дейін өз әкесінің қолында тәрбиеленеді. 1916 жылы Обаған ауданындағы нағашылары алып кетіп, орысша мектепке оқуға береді. Онда екі жыл оқығаннан кейін атақты ағартушы Бекет Өтетілеуовтің жәрдемімен Пресногоровкадағы жоғарғы басқыш мектепке түседі. Төңкеріс жылдарында Ғабит Мүсірепов осы мектепте оқиды [2, 385].

Кейін 1923-1926 жылдарда Оренбурдағы жұмысшы факультетінде білімін ұштайды. Өзінің өмірбаянында жазушы: «Жиырма үшінші жылы Сәбит мені Орынборға әкелді. Он сегізінші жылдан былай қарай Сәбит қалада, мен ауылда болдым. Сондықтан ол менен «озып» кетті. Бұрын мен «көр озық» едім. Рабфакқа кірдім. Сәкеннің көрдей қараңғы бөлмесінде Сәбитпен бірге тұрдым. Бір кісілік төсекте Сәбит екеуіміз жатамыз... Сәбиттің күнбе-күн жазғандарының бәрін оқып отырдым. Оның күнбе-күн жазған өлеңдері газет, журналдарға басылып, екеуімізге көлденең азық болып тұрды. Баспаға апарудан бұрын екеулеп «сынап жүрдік». Сәкен өлеңдерін газет журналдардан оқи бастадым. Бірақ Сәбит секілді ақын атын алып қойған адамның қасында мен өлең шығарып тастауым адам айтқысыз масқара көрінді. Оның үстіне Сәбит өлең жазғанда іркілмей жазады. Не туралы жазуды тез таба қояды да бірдеме-бірдеме деп өлең қылып шығарады. Мен ше? Шамаласам, жан адам жоқ жерлерде күніне бір-екі ауыз өлең ғана жазатынымын – масқара емес пе? Түгел бездім бәледен», - [3, 296] деп жазады.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері, сөз зергерлерінің шығармаларынан нәр алған қаламгер әлем әдебиетін де жан-жақты игереді. Орыс әдебиетінен Гоголь, Пушкин, Лермонтов, Достоевский, Толстой, Горький, Шекспир, Чехов туындыларымен танысқанын айта келіп, «Бұлар өте ұнады. Бейімбеттің «Шұғаның белгісі» бір түрлі әдемі жазылғанын көрдім. Әйткенмен оқу ауыр, бір жағынан «кемеші қасында қайықшы дыбысын шығара алмайды» екен. Ішімнен жазуға құмартсам да қалам ұстауға бата алмадым. Менің құмарлығымда Сәбит сезді білем, «Сен жазуға кіріс» деп, мазалап жүрді. Газет басқармасынан қаулылар келіп аудартып жүрді...» [4, 53-54], - деп сол бір күндерді еске алып жазады.

Жазушы Ғабит Мүсірепов Рабфактан кейін Омскідегі ауыл шаруашылық институтында оқиды. Одан кейін ол Қазақстан мемлекет баспасында, халық комиссариатында жауапты қызметте болады. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы, көркем өнер комитетінің бастығы болып қызмет атқарады. Бұл жылдары жазушы мәдениет майданына белсене араласады. Әдебиетке Қазақстандағы күрделі өзгерістертұсында, тәркілеу, күштеп ұжымдастыру дәуірінде келген Ғабит Мүсіреповөзінің әдебиеттегі алғашқы адымдарын сол кездегі оқиғалар тақырыбынан бастайды.

Суреткердің «Тулаған толқында» атты тұңғыш шығармасы 1928 жылы басылып шығады. Ғ.Мүсірепов «Тулаған толқында» повесінен соң әңгіме жанрына мықтап ойысып, түбегейлі ден қойды. Аталған шығарманың тұсауын кесіп, әдебиет әлеміндегі шығармашылық ізденістерін ақ жол айтқан сөз зергері Бейімбет Майлин болатын.

Тоталитарлық жүйе құрбаны болған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды Алаш қалам қайраткерлерінің, сонымен қатар қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылар Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров дәстүрін өнерпаздық арнамен жалғастыруда „алыптар тобы“ атанған М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиндер тарихи ерен де кемел қызмет атқарды. «... Алдыңғы буын айта алмай кеткен өрелі ойды, аяқтай алмай кеткен іргелі істі С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин есімді көрнекті жазушылар одан әрі жалғастырды. Әңгіме, повесть, роман жанрларында елеулі-елеулі шығармалар жазылды» [5, 196].

Олар шығармашылық ой еркіндігі тоталитарлық жүйе, маркстік-лениндік әдіснама талаптарына байлаулы болғандарына қарамастан ұлт руханиятының айбары мен айбыны болып қалды. Оны „алыптар тобының“ шығармашылығы, қоғамдық қызметі айқындайды. Олардың Алаш қайраткерлерінен кейбір идеялық мәселелерде көзқарас алшақтықтары болғанымен ұлттық мүддеде үнемі ортақ ұстанымда бола білді. „Алыптар тобы“ Алаш қайраткерлерінен тілім-тәрбие алды. Сталинизм құрбаны болған ұлт хиялыларының мұрасын ақтауға күш алды.

С.Мұқанов 1918-19 жылдары М.Жұмабаев ұйымдастырған Омбыдағы оқытушылар курсына білім ала жүріп, ақынға хатшылық етеді. Ақынның пед. курста тарих, педагогикадан оқыған дәрістерін қағазға түсіреді. Тырнақалды өлеңдерін Мағжанға оқып беріп, ақындық өнерін шыңдайды. 1920 жылы педагогикалық курстың жұмысы Қызылжар қаласында М.Жұмабайұлы жетекшілігімен қайта ашылып, Сәбит оқуын жалғастырады. 1921 жылы коммунистік төтенше әскери бөлімнің жауынгері болған ол 1921-22 ж. түрлі қоғамдық қызмет атқарады [6, 105].

1921 жылы «Бостандық туы» газетінде редактор. 1921 жылы наурыз айында Қызылжарда кулактар көтерілісі болып, 300-ге тарта коммунистер мен төңкерісшілдер шейіт болады. Опат болғандардың бірі – Б.Ізтөлин. С.Мұқанов ақын қазасына «Баймағанбетке» өлеңін арнайды. Ақын кегін қайтаруда ревком отрядына жазылады. Бурабай өлкесінде Кеңес мекемелерін ұйымдастыру міндеті жүктеледі. Кеңестік жүйе билігін орнатудағы большевиктік шараларды жүзеге асыруда табандылық танытып, тізеге басып жіберетіні үшін жергілікті халық Сәбитті «Қара бөрік» атап кетеді. Ревком бастығы Волков Көкшетау өңірінен өтетін Алаш қайраткері М.Дулатұлын ұстауға С.Мұқановқа тапсырма береді (Т.Кәкішұлы). «Өкпеге қиса да өлімге қимайтын» текті елдің перзенті Сәбит қанша тапшыл болса да М.Дулатұлын төніп келген ажалдан құтқарады. Ол өзіне бұрыннан таныс Көкшетау кітапханасында істеп жүрген М.Дулатұлының зайыбы Ғайнижамалға «мені тоқтатпаңыз, достық ақылымды алыңыз: - бүгінгі түннен қалмай бұл қаладан жоғалсын, әйтпесе ол да өкпелемесін, маған сіз де өкпелемеңіз» деп Алаш қайраткері тоқтаған Е.Мұқышевтің үйіне таң атқанша солдаттарды жолатпайды. «Дулатовтың өзін емес, жазушылық талантын аядым». Бұл да «бесіктен коммунист болып туған кісінің ісі ме осы?..Барып тұрған либералдың ісі» - деп жазған-ды 1961 жылы.

1923 жылы 28 қаңтарда Орынбор қаласында А.Байтұрсынұлының туғанына 50 жыл толуы салтанатты түрде аталды. С.Сейфуллин, М.Әуезов, **Vědecký průmysl evropského kontinentu - 2021 ★ Volume 7** 22 С.Садуақасов баяндамаларындағы тұжырымдарға қарсы пікір ұстанған С.Мұқанов «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер» атты мақаласын жазып, «Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай және Ахмет қазақ кедейінің мұңын мұндап, жоғын жоқтағандар емес, бай-феодал отбасынан өсіп шыққан, солардың сойылын соққандар» деген әсіре тапшыл нигилистік көзқарасын білдірді. Сөйтіп өзінің тапшылдық бетін айқындап, большевизмнің ең тұрпайы, дөрекі бағыты пролеткульттік жолына түседі.

Ж.Аймауытовтың «Ақ жол» газетіндегі айтыс мақаласынан (1926) былай карай, ол көркем әдебиет туралы кейбір қорытындыларын Қ.Кемеңгеров пен «Екеудің» мақалаларына қарсы жазылған «Байдың толғағы» атты мақалаларына ұластырды. «Кімнен үйрену керек жайына келгенде қазақ әдебиеті өзіне-өзі үлгіөнеге бола алмайды» деп нигилистік ұстанымға түседі де өз ойын дәлелдеу үшін «Мағжан өлеңдерінің 75 % орыс-татар ақындарына еліктеу» деп табады.

1924 жылы Орынборда М.Жұмабаевқа «әдеби сот» жасағанда қоғамдық айыптаушы болған Сәбит Мұқанов 1934 жылы 2 қарашада «ұлтшылдық» тұрғыдан айыпталып, Сібірге жер аударылған Мағжан ақынға С.Мұқанов хат жазып, қаржылай жәрдем көрсетеді. Саяси қысым мен қиянатты шеге жүріп, айдаудан оралған Мағжанды 1936 жылы 27 қыркүйекте Қызылжардан тауып алып, Алматыға шақыртады. С.Мұқанов С.Сейфуллин, М.Қаратаевпен бірге М.Жұмабайұлын Л.Мирзоянға жолықтырып, аударма ісіне тартады. Осы сипаттағы адамгершілік қамқорлықтарына сталинизм барынша өрістеген жылдары саяси сипат беріліп, С.Мұқанов «когда Жумабев был в ссылке Муканов имел с ним переписку и оказал денежную помощь», «Муканов состоял в сейфуллинской контрреволюционной националистической группировке во время совместной работы в Союзе писателей» деген идеологиялық тұрғыдан айыпталып, партиядан шығарылды [7, 98].

1932 жылғы ашық хатынан кейін саяси қысым шырғалаңына түскен М.Әуезовті шығармашылық ізденіске қайрап, ақ адал достық көңілін танытқан да Сәбит Мұқанов еді. 1935 жылы М.Әуезовтің «Ескілік көлеңкесінде» кітабына редактор болып, алғысөзін жазып шығарады. Идеологиялық талаптағы уытты сөз жазғанымен ол ұлы қаламгердің қазақ сөз өнерін әлемдік деңгейге көтерген суреткерлік қарымын, ғажайып дарынан айрықша бағалайды. «Саяси-таптық қарсыласын бауырына тартқан Сәбеннің осы қадамын нағыз азаматтық қасиет ретінде бағалауға толық негіз бар. Ең бастысы – Мұхтардың басына күн туғанда Сәбиттің жанынан табылуы. Автордың өзі кібіртіктеп, тосырқай ұсынған қолжазбаға редактор болып, оны бар «айыбынан» ақтап алу - шын ерлік, рухани тәуекел, адал достық еді. Араға екі жыл салып, сол «ерлігі үшін» «халық жауының қалпағын» киерін білген жоқ, әрине. Ол үшін ең басты мақсат –

халықтың аяулы азаматын қатарға қосып, әдебиетті Мұхтарсыз, Мұхтарды әдебиетсіз қалдырып, жетімсіретпеу еді».

Қорыта айтқанда, «Алыптар тобы» атанған қаламгерлер қазақ сөз өнерін өркендетуге, әдебиеттану ғылымының күрделі саласы әдеби сынды дамытуға да ерекше үлес қосты. Әсіресе Алаш арыстарының мұрасын әділ бағалау және идеологиялық қысымнан аршып ақтау мәселесінде азаматтық ұстанымдарына адалдық танытты. Сол шоғырда жазушы Ғабит Мүсіреповтің де тұғыры асқақ болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жұмағұлов С. Мүсірепов Ғабит. Кітапта: Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей, 2008. – 550 б.
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: ЖШС «Аруана», 2005. – 576 б.
- 3 Мүсірепов Ғ. Үш томдық. Үшінші том. Романдар және поэма. – Алматы: Жазушы, 1980. – 240 б.
- 4 Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Әдеби-сын еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1970. – 246 б.
- 5 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. 2 – кітап. Алматы: Ғылымы, 1998. – 574 б.
- 6 Кәкішұлы Т. Мағжан-Сәкен. – Алматы: Атамұра, 2000. – 340 б.